

Жамбыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесінде азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің 2010 жылғы 24 қарашадағы N 27 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 желтоқсанда N 13-7-137 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 22 мамырдағы N 02-05-1.4-2/328 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімі аппаратының 2012.05.22 N 02-05-1.4-2/328 хаты)

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 2-тармағына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабы 3-тармағына сәйкес аудан әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында Қазақстан Республикасының 1994 жылы туған, ер жынысты, сонымен қатар жасы үлкен бұрын шақыру учаскесінде тіркелмеген азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

2. Жасөспірімдерді тіркеу «Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің ғимаратындағы шақырту учаскесінде жүргізілсін.

3. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Жамбыл орталық аудандық ауруханасы» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша):

тіркелуге тиіс азаматтарды медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар және орта медициналық персонал тағайындасын;

шақыртылған азаматтарды стационарлық тексерістен өткізу үшін аудандық ауруханадан орын бөлінсін;

шақыру пунктін қажетінше медициналық құрал-жабдықтармен және дәрі-дәрмектермен жабдықтасын.

4. Селолық округтердің әкімдеріне 1994 жылы туған барлық ер жынысты азаматтар сонымен қатар, жасы үлкен, бұрын тіркеуден өтпегендерді тіркеуге келуін ұйымды және уақытында қамтамасыз етсін.

5. «Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына нұсқалған іс-шараларды орындауға байланысты шығындарды бюджеттік қаржының есебінен жүзеге асырсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Сарбасовқа жүктелсін.

7. Аудан әкімінің осы шешімі бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ыбыраев

К е л і с і л г е н :

*«Жамбыл ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» Мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

М. Асқаров